

01.09.2007ж. жағдай бойынша теңгенің девальвациясы, ҚР резидент еместердің алдындағы міндеттемелер бойынша сыйақы ставкаларының өсуі, жылжымайтын мүлік бағасының төмендеуі және активтер сапасының нашарлауы сияқты ерекше жағдайлардың туындауына жүргізілген стресс тестілеуге
Түсініктеме

Стресс тестілеу Қазақстандағы қаржылық-экономикалық жағдайының тұрақсыздану кезіндегі 4 негізгі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер ағымдағы жылдың 01 қаңтардағы және 01 қыркүйектегі жағдай бойынша беріген деректер бойынша жүргізілген.

Міндеті банктердің сыни жағдайына ұшырауының шекті мәндерін, тәуекел зонасында тұрған банктердің санын, және олардың барлық банк секторына қатынасын анықтау болып табылады.

Мақсаты ең тәуекелді жағдайларды анықтау, оларға жиі ұшырайтын банктерді бөлу, сондай-ақ проблемаларды уақыт бөлігінде қарау, қаржы рыногындағы ағымдағы жағдайды анықтау болып табылады.

№1- стресс тестілеуде (теңгенің девальвациясы).

Жалпы стресс тест 20% девальвация кезіндегі жеткіліктілік нормативін бұзатын банктер санының 01.01.07ж. жағдай бойынша 6 банктен (к1 – 3 және к2 - 3) 01.09.07ж. жағдай бойынша 3-ке дейін (к1 – 1 және к2 - 2) төмендегенін ескергенде ағымдағы жылдың басынан оң үрдісін байқатты. 50% девальвация кезінде к1 коэффициенті 3 банкпен, ал к2 - 4 банкпен бұзылатыны анықталды. Барлық екінші деңгейдегі банктердің к1 және к2 капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін орындауға мүмкіндігі болатын девальвацияның барынша жоғары ықтимал (шекті) мәні – 5,5% анықталды.

Жүргізілген стресс тест екінші деңгейдегі банктердің банк секторында ең жиі кездесетін тәуекелдердің бірі болып табылатын валюталық тәуекелді жеткілікті деңгейде хеджирлейтінің көрсетті. Сонымен қатар, банктердің шетел валютасында тартылған қаражаттардың бір бөлігін банктер ұлттық валютадағы кредиттер түрінде бергенін, және доллар бағамының құнсыздану үрдісі бар болғанға дейін отандық банктердің осындай саясаты оларға жоғары пайда алуға мүмкіндік беретін фактіні назардан тыс қалдыруға болмайды.

№2- стресс тестілеуде (ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер бойынша сыйақы ставкаларының ұлғаюы).

Стресс тестілеу қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің тартылған сыртқы ресурстар бойынша ставкалардың өзгеруінен тәуелділігі арта түсетін үрдісі байқалды, өйткені ставкалар 175 пайыздық тармаққа өскен кезде к2 нормативін 1 банк бұзғаны анықталды, ал 01.01.07ж. жағдай бойынша капиталдың жеткіліктілік нормативтерін бұзу байқалмаған. Сыртқы міндеттемелер бойынша сыйақы ставкаларының 700 базистік тармаққа өскені к1 коэффициентін бұзуға 2 банкті және к2 коэффициентін бұзуға 6 банкті әкелетіні айта кету керек. Шекті мәні 35 базистік тармаққа жуық болды.

Осы стресс тест екінші деңгейдегі банктердің сыртқы қорлаудан тәуелділікті азайта отырып, ішкі қорлаудың пайдасына қорлау құрылымын өзгерту бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ акционерлік капиталын ұлғайту бойынша шараларды жүзеге асыру қажет екенін көрсетеді.

№3- стресс тестілеуде (жылжымайтын мүлік бағасының төмендеуі)

Бағалар 20%-ға төмендеген кезде жеткіліктілік нормативтердің бұзылуы к1 - 1 банк бойынша, к2 - 3 банк бойынша байқалады. Бағалар 50%-ға төмендегенде капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің бұзылуы к1 – 3 банк бойынша, к2 – 6 банк бойынша байқалады. Сонымен қатар, ағымдағы жыл басымен салыстырғанда жағдайдың нашарлау үрдісі байқалады, онда бағалар 20%-ға төмендеген кезде к1 бұзылуы 1 банк бойынша байқалады, ал к2 бойынша бұзушылықтар жоқ.

Стресс тест банк секторы көрсеткіштерінің жылжымайтын мүлік бағасынан тәуелді болатының көрсетеді, өйткені заемдардың елеулі бөлігі жылжымайтын мүлік кепілдігіне, сондай-ақ тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген. Бұдан басқа, жылжымайтын мүліктің бағасы әрі қарай өсетініне, не бұрынғы жоғары деңгейде қалатынына сеніп, банктер кредиттерді көбінесе сенімсіз заемшыға жылжымайтын мүлік кепілдігіне беріп отырған. Жылжымайтын мүліктің бағасы төмендегеніне байланысты ақша қайтарылмауы мүмкін және банктер кредиттеу саясатын, ставкаларды және шарттарды қайта қарауға мәжбүр болады.

№4- стресс тестілеуде (несие портфель сапасының нашарлауы)

Банктің несиелік портфелінің сапасын әрбір санаттың кредиттері сомасының 10%-ға нашарлату арқылы 2007 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптастырылған несиелік портфельдің сапасы нашарлаған жағдайда жеткіліктілік нормативтерінің бұзылуы к2 бойынша – 1 банк бойынша байқалады (бұл ретте банктің капитал жеткіліктілігі нормативін – к2 орындамау үшін кредиттердің сапасын әрбір санаттағы кредиттер сомасының 6% -на нашарлату жеткілікті болады)

Банктің несиелік портфелінің сапасын әрбір санаттағы кредиттер сомасының 20%-на нашарлағанда капитал жеткіліктілігі коэффициентінің бұзылуы к2 бойынша – 2 банкте, әрбір санаттағы кредиттер сомасының 50%-на нашарлағанда к1- 1 банк бойынша, к2 – 5 банк бойынша, банктің несиелік портфелінің сапасы әрбір санаттағы кредиттер сомасының 100%-на нашарлағанда к1- 3 банк бойынша және к2 - 6 банк бойынша байқалатын болады.

Осы стресс тест екінші деңгейдегі банктер кредиттердің жіктелуін және олар бойынша провизиялар қалыптастыруды барабар жүргізетінін көрсетеді. Жүргізілген стресс тест кредиттік портфельдің сапасы қазіргі уақытта қауіпті емес, бірақ тұрақсыздану жағдайлары туындағанда, мысалы, жылжымайтын мүліктің бағасы төмендегенде портфельдің нашарлауының жоғары қауіпі бар, әсіресе ипотекалық заемдардың елеулі бөлігі кепіл құнының 75% және одан жоғары мөлшерде берілгенін ескерсек, бұл сөзсіз капитал жеткіліктілігі нормативін нашарлатуға әкеледі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қарай, стресс тестілеуде еліміздің банк жүйесіне тұрақсыздандыру факторларының ықпал етуі жүйелі түрде зерттелді, шекті мәндері анықталды және т.б.

Жалпы жүргізілген стресс тесттер бойынша 01 қыркүйектегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің 2007 жылғы 01 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда, негізгі көрсеткіштердің өсуіне қарамастан, тәуекелдерге ұшырағыштығының күшеюі байқалады

Жақын арада осы екінші деңгейдегі банктерге 01.10.2007ж. жағдай бойынша стресс тест жүргізу көзделеді.